

ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» балабақшасы
2025-2026 оқу жылы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің II – отырысы
Хаттама №2

Өткізілген күні: 16.01.2026 ж.

Қатысты: 25

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша белгіленген шаралардың орындалуы
3. Әртүрлі мәселелер

Отырыстың барысы:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Муканғалиева А.А. отырысты аша отырып, күн тәртібімен таныстырды.

Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен нормаларына қайта тоқталды: «Педагогтер қызметтік және қызметтік емес уақытта: педагогикалық әдептің негізгі принциптерін сақтайды; өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындайды; өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады; еңбектәртібін бұлжытпай сақтайды; білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды; сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады; ...» Осы қағидалардың қатаң сақталуын, педагог атына сай келмейтін қылықтарды жасамау қажеттігін ескертті.

Біздің балабақшада педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы бойынша осы уақытқа дейін ешқандай даулы жағдайлардың болмағанын және педагогикалық әдептің бұзылуы жөнінде ешқандай арыз түспегенін айтты. Және де барлық педагогтердің педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларымен таныстырылғанын, педагогтер арасында педагогикалық әдеп жөнінде баяндамалар оқылып, кеңестер беріліп отырғанын айтты. «Педагог» деген жоғары атаққа сай болып, осы педагогикалық әдеп нормаларын әрқашан сақтап жүруге шақырды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын қарастыра отырып, онда көрсетілген шаралардың орындалуы бойынша талқылады.

Шешім:

1. Жұмыс барысында педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормалары сақталсын
2. Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының қатаң сақталуын қамтамасын ету мақсатында жұмыстар жүргізілсін
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша белгіленген шаралардың орындалуы қамтамасыз етілсін

Кеңестің төрағасы:

Хатшы:

Мукангалиева
Утегенова

Мукангалиева А.А.

Утегенова А.С.